АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ
БІРЛІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА БИРЛИК
КУРМАНГАЗИНСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

09.02.2024ж № 25

Бірлік ауылы село Бирлик

«Атырау облысы Құрманғазы ауданы Бірлік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгеріс енгізу туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңының 5–бабының 7–тармағы және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдың 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 6 ақпандағы №76 бұйрығына және бірлік ауылдық округінің қоғамдастық өкілдерімен 2024 жылғы 7 ақпандағы өткізілген жиналысының №1 хаттамасына сәйкес:

1) «Атырау облысы Құрманғазы ауданы Бірлік ауылдық округ әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бойынша 2024 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына ақпан айы үшін өзгерістер енгізілсін.

2) Мемлекеттік сатып алу жылдық жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес веб–порталға орналастырылсын, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтердің мерзімінде сатып алынуын қамтамасыз ету статист–есепшісі Т.Салимоваға міндеттелсін.

3) Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Округ әкімі **Г.Абенова**

Бірлік ауылдық округінің қоғамдастық өкілдерімен өткізілген жиналысының

Хаттамасы

Бірлік ауылы №1 7 ақпан 2024жыл

Округ әкімі аппаратының кеңесі

Қатысуға тиісті қоғамдастық жиналысының мүшелері -9 адам

Қатысқан қоғамдастық жиналыс мүшелері -6 адам

1.Камзаев.М

2.Айдарова.Ф

3.Файзуллина.М

4.Иманов.Б

5.Сахбалиева.А

6.Құрманғалиева.М

Жиналысқа шақырылған округтің статисті Т.Салимова

Жиналыс төрағалығында ,хатшысы ұсынылып,бірауыздан сайланды және күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы:А.Сахбалиева

Жиналыс хатшысы:М.Құрманғалиева

Күн тәртібінде:

1.2024 жылға электр энергиясын бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру.

Хабарламашы-округ әкімі аппаратының статисті-Т.Салимова

Тыңдалды:

Ағымдағы жылға дейін бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Заңының 39-бабының 3 тармағының 1)тармақшасымен жүзеге асырылып келді.Мемлекеттік сатып алу порталындағы Формат –логикалық басқару элементтері қатарынан «Атырау-ЭнергоСату» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесінің шығып қалуына байланысты 39 баптың 3

тармағының 1 тармақшасымен келісім шартқа 2024 жылдан бастап отыра алмайтындығымыз анықталды.

Сондықтан осы баптың 3 тармағының 42 тармақшасымен келісім шартқа отыру мүмкіндігі бар екендігін айтқым келеді.Қазіргі таңда электр энергиясының қажеттілігі өте зор.Барлық жұмыс бабындағы қолданылатын құрылғылар,компютерлер,базалар интернет жүйелері осы электр энергиясына тығыз байланысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ұсыныс пікір айтып сөйлеушілерге кезек береді.

Сөйлеушілер:

1.М.Камзаев-қоғамдастық мүшесі

Күн тәртібіндегі қаралып отырған мәселе маңызды деп есептеймін.Өйткені электр энергиясының қажеттілігі өте зор.Қазіргі таңда жұмыс бабындағы барлық құрылғылардың жұмыс жасауы осы электр энергиясына тәуелді болып отыр.Сондықтан айтылып отырған мүмкіндікті пайдалану керек.Айтылған пікірлерге қосыламын,қолдаймын.

Басқа пікір,ұсыныс болмаса сөйлеу тоқтатылсын.Күн тәртібіндегі ұсынылған мәселе бойынша Мемлекеттік сатып алу порталындағы Формат-логикалық басқару элементтері қатарынан «Атырау-ЭнергоСату» жауапкерлігі шектеулі серіктстігі мекемесінің шығып қалуына байланысты 39 баптың 3 тармағының 1 тармақшасымен келісім шартқа 2024 жылдан бастап отыра алмауына байланысты,осы баптың 3 тармағының 42 тармақшасымен келісім шартқа отыруға қоғамдастық өкілдерінің пікірлері дауысқа қойылсын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде:қолдағаны-6адам

Қарсы-жоқ

Қалыс-жоқ

Қаулы:

Бірлік ауылдық округі бойынша қоғамдастық жиналысының күн тәртібіндегі мәселесін жан-жақты талқылап,бірауыздан мақұлдап **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.Мемлекекттік сатып алу порталындағы Формат-логикалық басқару элементтері қатарынан «Атырау-ЭнергоСату» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мекемесінің шығып қалуына байланысты 39 баптың 3 тармағының 1 тармақшасымен келісім шартқа 2024 жылдан бастап отыра алмауына байланысты,осы баптың 3 тармағының 42 тармақшасымен келісім шартқа отырылсын.

2.Жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасы округ әкіміне жолдансын.

Жиналыс төрағасы: А.Сахбалиева

Жиналыс хатшысы: М.Құмарғалиева